

«Бекітемін»



Көлік колледжінің директоры  
Нугымаров А.С.

09 2021 ж.

## Колледж оқытушыларының оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысының рейтингтік бағалау жүйесінің ережесі

### 1. Жалпы ережелер

Оқытушылардың әдіснамалық деңгейін үнемі арттыруды жеке тұлғаның болашақ қызметі мен даму мақсатын ескере отырып, оқу ақпаратының логикалық құрылымын құру талап етеді. Оқытушылық қызметтің тиімділігін жоғарлатуды көмектесетін оқу-тәрбие жұмысында тиімді пайдалану мақсатында оқытушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтау.

Осы саладағы нәтижелерді қорытындылаудың негізгі әдісі болып рейтингтік бағалау жүйесі табылады.

1.1. Осы Ереже оқытушылардың ғылыми-әдістемелік жұмыстарының ұпайлық нәтижелерін бағалауға негізделген.

1.2. Білім беру және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды бағалаудың рейтингтік жүйесі – бұл жеке ұпай жиынтығы негізіндегі оқытушының кәсіптік қызметін бағалау жүйесі.

1.3. Оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу мақсаты – оқытушылардың оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының сапасын арттыру болып табылады.

1.4. Рейтингтік бағалауды енгізу келесідей міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: колледжде оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды басқаруды оңтайландыру;

оқытушылардың ғылыми-әдістемелік жұмыстарының әлеуметтік-психологиялық түрлерін белсендендіру;

оқытушылардың өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі белсендіруге және өзін-өзі ұйымдастыруға ынталандыру;

оқытушыларды өздерінің кәсіби мәселелерін өз бетімен түсіну мен шешуге ынталандыру;

оқытушылардың жетістіктер өзгерісінің динамика мониторингін жүргізу.

1.5. Оқытушылар колледжде оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстың рейтингтік бағалау жүйесінің мазмұны мен жүргізілу тәртібімен алдын-ала таныстырылуы керек.

1.8. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың рейтингтік бағалау критериялары қызметтік нұсқаулықтар талабы мен «Көлік колледжінің үздік оқытушысы» сайысының ережесі негізінде ерекшеленеді.

## **2. Оқытушыларының оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысының рейтингтік бағалау тәртібі**

2.1. Рейтингтік жүйедегі жұмыс сапасын бағалау оқу жылы ағымындағы оқытушының жүйелі жұмысын құрылымдау үшін пайдаланылатын кумулятивті (жинақтау) болып табылады.

2.2. Оқытушылардың қызметін рейтингтік бағалау есептеу әдісі келесідей критерийлерден тұрады:

- Пән бойынша оқу үлгерімі;
- Пән бойынша оқу-әдістемелік кешенінің болуы мен мазмұны;
- Білім алушының оқу-әдістемелік кешенінің болуы мен мазмұны, білім алушының ОӘК сайысындағы алған орны;
- Ашық сабақтардың өткізілуі мен олардың бағасы;
- Жұмыс дәптерлерін құрастыру;
- Пән бойынша оқу және сабақтан тыс іс-шараларда аумақтық компоненттерді қолдану;
- Мақалаларды дайындауға және жариялауға, жинақтардағы, журналдардағы, газеттердегі сөз сөйлеулер;
- Сабақтарға өзара қатысу;
- Жұмыс тәжірибесін жалпылау;
- Колледж ішілік олимпиадаларды дайындау және өткізу, пән бойынша қалалық және облыстық олимпиадаларға қатысу;
- Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың техникалық құралдарын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- Апталық пәндік-циклдік комиссия шеңберіндегі іс-шараларды дайындау және қатысу;
- Пәндік-циклдік комиссиясының әдістемелік бюллетеніне мақала дайындау;
- Педагогикалық және әдістемелік кеңестерде, семинарларда, Бастауыш оқытушылар мектебінің оқуларында сөз сөйлеу;
- Топтар бойынша оқу кабинеттері мен лабораториялар арасындағы сайысқа қатысу мен алған орын;
- Шығармашылық топтар құрамындағы жұмыс.

2.3. Көрсетілген әрбір пункт шарттары бойынша орын тағайындалады, ал орын сомасы (ең аз) бойынша жеңімпаз тағайындалады.

## **3. Оқытушыларының оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысының рейтингтік бағалау жүйесінің қызмет етуін ұйымдастыру**

3.1. Оқытушы жарты жыл және оқу жылының соңында (оқу жылында 2 рет) қызмет түрін көрсетіп, арнайы нысанда есеп толтырады, және толтырылған есеп бланкісін ПЦК төрағасына (төрайымына) өткізеді.

3.2. Толтырылған есеп бланкісін ПЦК төрағасы колледж бойынша оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстың рейтингтік бағалаудың жалпы қорытындысын анықтау үшін әдістемелік кабинетке өткізеді.

3.3. ПЦК төрағасы мен оқытушылармен бірге ПЦК сайысының хаттамасын толтырады және әрбір критерий бойынша оқытушының алған ұпайларын санау арқылы ПЦК бойынша рейтинг шығарады.

3.4. ОЖ бойынша директордың орынбасары және әдіскер рейтингтің объективті қойылуына бақылау жасайды және оқу жылына колледж бойынша жалпы рейтинг шығарады. Колледж оқытушыларының болашақтық жоспарлау мен кәсіби өсімінің нәтижелері негізінде талданатын мәліметтер жиынтық кестеге енгізіледі.

Ережені құрастырғандар:

М.Т. Молдағалиева – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары



А.Б. Куандыкова - әдіскер



